

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті*

***Қазақстан Республикасының  
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің  
ағымдағы жағдайы***

***2014 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша***

Көлемі: 7 бет  
Кестенің саны: 5  
Графиктердің саны: 3  
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

*2014 жыл*

## **МАЗМУНЫ**

### **I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ**

1-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері және зейнетақы жинақтарының аударымдары

### **II. ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ**

4-кесте. Зейнетақы секторының Республика экономикасындағы рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

2-график. Зейнетақы секторының ҚР экономикасындағы рөлі

### **III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

### **IV. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ЖЗҚ-НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БЖЗҚ-ҒА БЕРУ**

## I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

### 1-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Жалпы алғанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттары санының және зейнетақы жинақтары сомасының аздап артуы байқалады.


Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны		1.01.14	1.03.14	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	9 449 901	9 529 934	0,8
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	3 731,9	3 927,8	5,2
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	42 906	43 253	0,8
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	1,4	1,4	-
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	4 227	4 147	-1,9
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	0,15	0,14	-6,7
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	0	16 521	100,0
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	0	0,03	100,0

### 2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі, млрд.теңге	(млрд. теңге, %)		
	1.01.14	1.03.14	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары	3 733,4	3 929,3	5.2
Зейнетақы жарналары	3 031,5	_*	_*
«Таза» инвестициялық кіріс	756,1	_*	_*
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	20,3	_*	_*

\* бұл мәндер 2014 жылғы 16 мамырдан кейін барлық ЖЗҚ бойынша шоғырландырылған деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жарияланатын болады

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (3-кестеге) (млрд.теңге)



Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2014 жылдың басынан бастап 195,9 млрд. теңгеге (5,2%) ұлғайып, 2014 жылғы 1 наурызда 3 929,3 млрд. теңге болды.

2014 жылғы 1 наурызда зейнетақы жинақтарының көлемін бөлу былайша болды: «БЖЗҚ» АҚ – 2 167,1 млрд.теңге (55,2%), «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ - 1 318,2 млрд. теңге (33,5%), «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ - 444,0 млрд. теңге (11,3%).

Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, зейнетақы жинақтарын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы 2014 жылғы 1 наурызда 11,5 млрд. теңге болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері және зейнетақы жинақтарының аударымдары

Көрсеткіштің атауы / күні	(млрд. теңге)		
	1.01.14	1.03.14	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	423,7	.*	.*
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	83,4	.*	.*
Зейнетақы жинақтарын басқа қорларға аудару	2 559,9	.*	.*

Зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару 2014 жылдың басынан бастап жүзеге асырылған жоқ.


\* бұл мәндер 2014 жылғы 16 мамырдан кейін барлық ЖЗҚ бойынша шоғырландырылған деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жарияланатын болады

## II. ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

4-кесте. Зейнетақы секторының Республика экономикасындағы рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы/күні	1.01.14	1.03.14
ЖІӨ, млрд.теңге	34 443,4*	38 624,4**
зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	10,8	10,2
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,8	- ***
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,2	- ***


2-график. Зейнетақы секторының ҚР экономикасындағы рөлі (9-кестеге)



## III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2014 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2014 жылдың басынан бастап 204,6 млрд. теңгеге немесе 5,5%-ға ұлғайып, 3 940,5 млрд. теңге болды.



2013 жылғы 1 наурыздан бастап 2014 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 56,2 млрд. теңге болды.

\* - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің есептік деректері,

\*\* - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері

\*\*\* - бұл мәндер 2014 жылғы 16 мамырдан кейін барлық ЖЗҚ бойынша шоғырландырылған деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жарияланатын болады

## 5-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	1.01.14		1.03.14	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1 848,5</b>	<b>50,9</b>	<b>1 953,4</b>	<b>51,4</b>
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 842,9	50,8	1 947,7	51,2
Ұлттық Банктің ноттары	-	-	-	-
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,6	0,1	5,7	0,2
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>118,6</b>	<b>3,3</b>	<b>133,3</b>	<b>3,5</b>
акциялар	12,3	0,3	14,0	0,4
облигациялар	106,3	3,0	119,3	3,1
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>71,8</b>	<b>2,0</b>	<b>76,3</b>	<b>2,0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>112,4</b>	<b>3,1</b>	<b>135,6</b>	<b>3,6</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>133,0</b>	<b>3,7</b>	<b>174,9</b>	<b>4,6</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1 039,2</b>	<b>28,6</b>	<b>1 044,4</b>	<b>27,5</b>
Акциялар	176,5	4,9	181,5	4,8
облигациялар, оның ішінде:	862,7	23,7	862,9	22,7
шетел валютасында номинирленген	125,2	3,4	132,3	3,5
теңгеде номинирленген	737,5	20,3	730,6	19,2
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>307,5</b>	<b>8,5</b>	<b>284,7</b>	<b>7,5</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>3 631,0</b>	<b>100,0</b>	<b>3 802,6</b>	<b>100,0</b>

\* 2014 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша «Отан» АЖЗҚ» АҚ-ның, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Республика» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ-ның және «Астана» ЖЗҚ» АҚ-ның, «НефтеГаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Грантум» ЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы активтері «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға берілді.

2014 жылғы 1 наурызда ЖЗҚ мен БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін бұрынғыша, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары алады (тиісінше ұқсас күндегі ЖЗҚ мен БЖЗҚ-ның инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 51,4% және 27,5%).

Өз кезегінде шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың көлемі 345,2 млрд. теңге болады (инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 9,1%-ы). Екінші деңгейдегі банктер салымдарының үлесіне 7,5% немесе 284,7 млрд. теңге келеді.

#### **IV. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ЖЗҚ-НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БЖЗҚ-ҒА БЕРУ**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен кесте бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 356 бұйрығымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға қабылдау-беру кестесі (бұдан әрі – Кесте) бекітілді, оған сәйкес ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру процесі 2013 жылғы 11 қазанда басталды.

2014 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында бұрын «Республика» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Отан» АЖЗҚ» АҚ-ның, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Астана» ЖЗҚ» АҚ-ның, «НефтеГаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Грантум» ЖЗҚ» АҚ-ның салымшылары (алушылары) болған барлық адамдарға жеке зейнетақы шоттарын ашылды және осы шоттарға олардың зейнетақы жинақтарының сомалары аударылды.

Жоғарыда көрсетілген ЖЗҚ-мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасқан салымшылар (алушылар) БЖЗҚ-ның салымшылары болып табылады.